

Ақпараттық хат

2024 жылдың 24-25 мамыр аралығында Халықаралық Тараз инновациялық институтында Қазақ тіл білімінің лингвистикалық статистика саласының білікті маманы, филология ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің академиялық профессоры, доцент Белботаев Алмасбек Батанұлының 75 жас мерейтойына орай «Қазақ филологиясының өзекті мәселелері және цифрландыру кезеңіндегі IT-лингвистиканың зерттелуі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтеді.

Конференция жұмысының негізгі бағыттары:

- 1.ЛИНГВОСТАТИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР
- 2.ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУ АСПЕКТІЛЕРІ
- 3.ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУЫ
- 4.ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
- 5.ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ

Конференция қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі.

Конференция материалдары ғылыми жинақ түрінде шығарылады, бірақ электронды нұсқада таратылады. Ұйымдастыру комитеті мазмұны мен рәсімделуі талаптарға сәйкес келмейтін мақалаларды жариялаудан бас тартуға құқылы.

Ұйымдастыру комитеті: Халықаралық Тараз инновациялық институты, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы.

Жауапты қабылдаушылар: Пертаева Эльмира Құлибайқызы, Беркенова Рабиға Ағабекқызы. Байланыс телефондары: 87018162394, 87776498992, 87058456969

Мақала мәтіні мен оның электронды нұсқасы **2024 жылы мамыр айының 7-не** дейін мына мекен-жайда қабылданады: 080000 Тараз қ., Қ.Сәтбаев көшесі, 1 «А», 3-бөлік, 2-қабат, 206-бөлме. E-mail: auditor.59@mail.ru.

Конференцияға тіркелу **2024 жылы мамыр айының 24-і күні сағ. 9.30-дан** бастап жүргізіледі. Конференцияның басталуы - сағ. 10.00-де (офлайн жүйесінде).

Конференцияға қатысушыларға қойылатын талаптар:

Конференцияға қатысу үшін автор ретінде ұйымдастыру жарнасын жіберуі тиіс: Жарнасы –5000 теңге.

Реквизиттер: ХТИИ, Желтоқсан 69 «б». АО «Банк Центр Кредит», РНН-211500236592. БИН-080640010161. ИИК-KZ288562203101941039. БИК-KGJBKZKX. Кбе-17.

Мәтін көлемі – 5 беттен аспауы тиіс немесе тезис үлгісінде. Жинақ электронды нұсқада жіберіледі. Баяндама мәтінінің сол жақ жоғарғы бұрышында міндетті түрде УДК (ӨОЖ) индексі қойылуы тиіс; редакторы – WORD, 12 шрифт. Мәтіндер TIMES NEW ROMAN қарпімен жазылуы қажет, 12 кегль, интервал – 1 (бір). Беттің астыңғы және

үстіңгі жақ өлшемдері – 2 см., оң жақ өлшемі – 1,5 см., сол жақ өлшемі – 3 см. Мақалаға бет сандары қойылмайды.

Мақалалардың баспа мәтіні және электронды нұсқасы болуы керек. Сілтеме жасалған әдебиеттер мақала ішінде реттік саны бойынша тік жақшаға алынып [1, 25б.], мақала соңында сол ретімен беріледі. Талапқа сай орындалмаған мақала баспаға жіберілмейді, жинаққа шығарылмайды.

Қазақ тілінде жазылған мәтін үшін - **орысша**, ағылшынша түйіндеме, орыс тілінде жазылған мәтіндер үшін –**қазақша**,ағылшынша түйіндеме берілуі тиіс.

Мақаланы рәсімдеу үлгісі:

ӘОЖ 81'1:81'32

УДК 81'1:81'32

ҚАЗАҚ АУДАРМАТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

АРХАБАЕВА ГҮЛНҮР ЕРМАХАНҚЫЗЫ

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының аға оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Түйіндеме (баяндама қазақ тілінде болса, онда түйіндеме орыс, ағылшын тілдерінде, ал орыс тілінде болса, онда түйіндеме талаптарға сәйкес қазақ, ағылшын тілдерінде болады)

«Аударма» сөзі көп мағыналы және оның екі терминологиялық мағынасы бар. Біріншіден, бұл ұғым бір тілде көрініс тапқан мазмұнды екінші тілдің құралдары арқылы жеткізу үдерісі ретіндегі ой қызметін анықтайды. Екіншіден, осы үдерістің нәтижесі – ауызша немесе жазбаша мәтін де аударма деп аталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Есембеков Т.О. Көркем мәтін теориясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 186б.